

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының таяу шетел рыноктарына шығу тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 ақпандағы N 147 Қаулысы

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қазақстанның Даму Банкі) қызмет аясын Қазақстан Республикасынан тысқары кеңейту жолымен таяу шетелдердің экономикасын ықпалдастырудың басымдылығы базасында Қазақстан Республикасы экономикасының ұзақ уақыт тұрақты өсуін қамтамасыз ету міндетін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының таяу шетел рыноктарына шығу тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда, Сыртқы істер, Қаржы, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Энергетика және минералдық ресурстар, Көлік және коммуникация, Ауыл шаруашылығы министрліктері, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс, Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттіктері (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) өздерінің құзыретіне сәйкес:

1) Қазақстанның Даму Банкіне екі ай мерзімде:

саяси, экономикалық, қаржы және әлеуметтік ахуалды талдауды, сондай-ақ таяу шетелдердегі ықтимал пайдалар мен қауіптер және қазақстан бизнесінің шетелге шығуы, қызмет салалары мен ықтимал әріптестер туралы ақпаратты;

таяу шетелдердің нормативтік құқықтық базасын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын талдауды, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі өзінің инвестициялық қызметін шетелде жүзеге асыру үшін ұсыныстар мен ұсынымдар берсін ;

2) тұрақты негізде, бірақ жылына кемінде бір рет Қазақстанның Даму Банкін саяси, экономикалық, қаржы және әлеуметтік ахуалда болған өзгерістер мен Қазақстанның Даму Банкінің шетелдегі табысты қызметіне әсер ететін реципиент - елдердегі жұмысы жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар туралы хабардар етуді ұйымдастырсын;

3) Тұжырымдама ережелерін іске асыру мақсатында өзге де жәрдем көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстанның Даму Банкі (келісім бойынша) жарты жылдықтың қорытындылары бойынша әр жылдың 1 ақпанынан және 1 тамызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Тұжырымдаманың іске асырылуы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда, Мәдениет, ақпарат және спорт, Сыртқы істер министрліктері Қазақстанның Даму Банкімен бірлесіп, Қазақстанның

Даму Банкінің шетелдегі тиісті тұсау кесер және беделдік сүйемелдеу жұмыстарын өткізуді қамтамасыз етсін.

5. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.08.17. N 776 қаулысымен.**

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 7 а қ п а н д а ғ ы

N 1 4 7 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

"ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ТАЯУ ШЕТЕЛ РЫНОКТАРЫНА ШЫҒУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Астана, 2005 жыл

Кіріспе

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының таяу шетел рыноктарына шығу тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін" Қазақстан халқына 2004 жылғы 19 наурыздағы Жолдауында берілген тапсырмаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2.6.13-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қаржы секторын дамыту тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын (бұдан әрі - Стратегия) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да негіз қалаушы бағдарламалық құжаттарын іске асыру мақсатында ә з і р л е н г е н .

Тұжырымдаманың белгіленген сипаты бар және Қазақстанның Даму Банкі 2007 жылға дейінгі кезеңде оның таяу шетелдер (Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қытай Халық Республикасы және басқа да реципиент - елдер) рыноктарына шығуы кезінде сыртқы кредиттік саясатты айқындау үшін негіз болып табылады және отандық тауар өндірушілерді нығайтуға, сонымен бірге Қазақстанның әлемдік экономикаға ықпалдасу жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге ықпал

ете отырып, оның сыртқы рынокқа шығуына жәрдемдесу, экономика салаларын әртараптандыру және дамудың шикізат бағытынан бас тарту көзделген.

Тұжырымдамада белгіленген басымдықтар мен шектеулер Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын, елдегі және әлемдік рыноктардағы экономикалық жағдайдың өзгерулерін ескере отырып түзетулер енгізілуі мүмкін.

1. Қазақстанның Даму Банкінің шетелге шығу мүмкіндіктерін талдау

1. Мүмкіндіктер

Қазақстанның Даму Банкінің шетелге шығу мүмкіндіктері: ортамерзімді кезеңінде қонымды қаржы саясаты және жақсы экономикалық перспективалар аясында Қазақстан экономикасының дамуында болып жатқан жақсарулар және осыған байланысты Standard & Poor's рейтингтік агенттікпен Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингі шетел валютасындағы міндеттемелер бойынша BBB-/A-3 дейін және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша BBB/A-3-ке дейін арттыру; елдегі қаржы ресурстарының елеулі көлемі; қазақстандық бизнестің шетелге шығу процесінің үдей түскен қарқыны; елдің ішінде де одан тысқары да мемлекет тарапынан отандық бизнеске көмектесу және оны қолдау; несие капиталының әлемдік рыноктардағы қолайлы ахуалы; "Орталық азиялық ынтымақтастық" (ОАЫ), Бірыңғай Экономикалық кеңістік (БЭК) сияқты мемлекетаралық ұйымдар шеңберіндегі экономикалық ықпалдастықты тереңдету; сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы екі және көп жақты халықаралық шарттар жасасу; елде инвестициялық қолдау құралдарының әртүрлі жиынтығы бар мамандандырылған даму институттарының жүйелерін құру; Қазақстанның Даму Банкінің инвестициялық институт ретіндегі бәсекелік артықшылығы болып табылады.

2. Қауіптер

Қазақстанның Даму Банкінің шетелге шығуына қауіптер: экономикалық ахуалдың тұрақсыздығы және болжамсыздығы, өндіріс қаражатына меншік проблемаларын, қаржы, банктік және басқа да жүйелер мен өзгелерінің жұмыс

істеуін қоса алғанда, осы елдердегі рыноктық қатынастарды қалыптастыру процесінің аяқталмауы және күні бұрын болжанбауы;

реципиент - елдердегі саяси тұрақсыздық, заңнаманың және шетел инвестицияларын қорғау практикасының дамымауы;

Қазақстанның Даму Банкінің шетелдегі филиалдарының және өкілдіктерінің, шетелдегі жобаларды іс-жүзінде қаржыландыру тәжірибесінің болмауы болып табылады.

3. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

Тұжырымдаманың мақсаты Қазақстан Республикасынан тыс Қазақстанның Даму Банкі қызметінің аясын кеңейту жолымен таяу шетел экономикаларын ықпалдастыру артықшылығы базасында елдің орнықты дамуына қол жеткізуге жәрдемдесу болып табылады.

Тұжырымдаманың міндеттері Қазақстанның Даму Банкі қызметінің негізгі бағыттарын және Даму Банкінің таяу шетел рыноктарына шығу процесіне қатысатын мүдделі органдармен және ұйымдармен оның өзара іс-әрекетінің нысандарын, Қазақстанның Даму Банкінің шетелге шығуы мен қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шарттарды, оларды қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды белгілеу болып табылады.

4. Қазақстанның Даму Банкінің таяу шетел рыноктарына шығуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылдардың негізгі бағыттары

Қазақстанның Даму Банкінің рыноктарға шығуы Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатындағы жаңа элемент болып табылады және мүдделі мемлекеттік органдардың тараптарынан осы процесті лайықты ұйымдастыруды және қолдауды болжайды.

1. Қазақстанның Даму Банкінің таяу шетел рыноктарына шығу процесінде мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдарының негізгі нысандары

Қазақстанның Даму Банкінің таяу шетел рыноктарына шығу процесінің кешенді сипатын ескере отырып, оның тиімді қызметін қамтамасыз ету мақсатында мүдделі мемлекеттік органдар өз құзыретінің шеңберінде оған саяси, ұйымдық, құқықтық, ақпараттық және өзге қолдау көрсетеді.

Мүдделі мемлекеттік органдар өз құзыреттеріне сәйкес Қазақстанның Даму

Банкінің таяу шетел рыноктарына шығу процесінде Қазақстанның Даму Банкіне мыналарды қоса ала отырып, өз құзыретінің шеңберінде жан-жақты қолдау көрсетуі тиіс: Қазақстанның Даму Банкіне болжамды реципиент - елдердегі саяси, экономикалық, қаржы және әлеуметтік ахуалдар, перспективалар, мүмкіндіктер, пайдалар және қауіптер туралы кезеңдік негізде талдамалы ақпарат, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі қазақстандық мемлекеттік инвестициялық институттардың шетелдегі мейлінше тиімді қызметін ұйымдастыру және жүргізу үшін олардың негізіндегі нақты елдер, салалар, нысандар, мүмкін болатын серіктестіктер және өзгелерді айқындау мақсатында қолда бар ұсыныстар мен ұсынымдар беру. Бұл тәуекелді азайтуға, қазақстандық бизнес пен Қазақстанның Даму Банкінің мүмкін болатын экономикалық шығындардың алдын алуға, Қазақстан Республикасының басқа да елдермен тиімді экономикалық ынтымақтастығына келеңсіз әсер ететін даулы жағдайларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеулер үшін "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" АҚ сияқты мамандандырылған ұйымдар тартылатын болады. Болжамды реципиент - елдерінің тиісті заңнамалық базасына талдау жүргізуді қоса алғанда, Қазақстанның Даму Банкінің шетелге шығуы мен қызметінің құқықтық қолдауын қамтамасыз ету, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру арқылы оларды шешудің проблемалары мен жолдарын айқындау, екі жақты және көп жақты халықаралық шарттар мен соған ұқсас нормаларды нақтылау нысанында жұмыс жүргізілуі тиіс.

Таяу шетелде Қазақстанның Даму Банкінің тиімді қызметі үшін тиісті қаражаттар мен технологияларды пайдалана отырып, процестің ақпараттық ілесуін қамтамасыз ету қажет.

Қазақстанның Даму Банкінің шетелге шығуы мен қызметін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органдар мен даму институттарының қызметін тікелей үйлестіруді, олардың Қазақстанның Даму Банкімен тиісті өзара іс-қимыл жасасуын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстанның Даму Банкінің акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті орган (бұдан әрі - Уәкілетті орган) жүргізуі тиіс.

2. Қазақстанның Даму Банкінің таяу шетел рыноктарына шығу жөніндегі қызметінің негізгі бағыттары

1. Ықпал ету факторлары

Қазақстанның Даму банкінің таяу шетел рыноктарына шығу ауқымына және мерзімдеріне мыналар ықпал ететін болады:

Қазақстанның Даму Банкіне заңнамаға сәйкес айқындалған қаржы құралдарының ж и ы н т ы ғ ы ;

Қазақстан мен реципиент-елдерінің мүдделеріне инвестицияларды жүзеге асыру ү ш і н р ы н о к т ы ң қ о л ж е т і м д і л і г і ;

Қазақстанның Даму Банкінің мақсаттарына, басымдылықтарына және талаптарына сәйкес келетін елдердегі төлемге қабілетті инвестициялық сұраныстардың көлемі, оның ішінде қазақстандық бизнестің қажетті үлес бойынша меншікке қатысуы, инвестицияланатын өндірістердің Қазақстандағы өндірістермен технологиялық байланыстылығы, өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі, өндірістің және өнім сапасы, қарыз алушының а ш ы қ т ы ғ ы ж әне өзгелері;

Қазақстанның Даму Банкінің, оны инвестициялық қолдаудың мүмкін болатын ауқымын а й қ ы н д а й т ы н к а п и т а л д а н д ы р у д еңгейі; инвестицияларды жүзеге асыру кезіндегі мүмкін болатын қаржылық тәуекелдер д ең г е й і ;

Қазақстанның Даму Банкінің басқа да қатысушылармен қаржылық тәуекелдерді ж а б у ж әне б ө л у к ө л е м і .

Халықаралық деңгейдегі қызмет Қазақстанның Даму Банкі менеджментінің кәсібилігіне қойылатын талаптардың барынша жоғары тұғырын, олардың халықаралық стандарттар мен рәсімдерді сақтауын көздейді. Қазақстанның Даму Банкінің жаңа жағдайлардағы жұмысына тиісті функционалдық және ұйымдастырушылық бейімделуі қ а ж е т б о л а д ы .

Қазақстанның Даму Банкінің таяу шетелге шығу процесін жеңілдету мақсатында оның өкілдіктерін құру көзделеді. Осы өкілдіктердің міндеттері ақпарат іздеу, жергілікті шаруашылық жүргізуші субъектілерімен, екінші деңгейдегі банктермен, елдің мемлекеттік билік органдарымен ынтымақтастық орнату және жобаларды іске асырудың мониторингі болып табылады. Олар арқылы алынған ақпарат қазақстандық инвестициялардың шетелге шығуын одан әрі жүзеге асыру үшін ынтымақтастық схемасын жасау мақсатында пайдаланылатын болады.

2. Қызметтің негізгі бағыттары

Қазақстанның Даму Банкінің шетелдегі қызметінің негізгі инвестициялық басымдықтары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін Даму Банкінің кредиттік саясаты туралы меморандумда (бұдан әрі - Меморандум) а й қ ы н д а л а д ы .

Қазақстанның Даму банкі өз қызметін таяу шетел рыноктарында жүзеге асыру к е з і н д е м ы н а л а р ғ а :

өңдеуші өнеркәсіптің немесе олардың дамуын, оларды шикізатпен және шала өнімдермен қамтамасыз етуді, қазақстандық тауар өндірушілердің өндірістік

объектілерді шетелден сатып алуын қоса алғанда қамтамасыз ететін қазақстандық кәсіпорындармен технологиялық байланысты жобаларға;

Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін дамытуға, қазақстандық өнімнің экспортын жылжыту мен кеңейтуге ықпал ететін инфрақұрылымдық жобаларға ерекше назар аударуы тиіс.

Қазақстанның Даму Банкіне Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсыным берген, олар бойынша Қазақстанның Даму банкінің кредиттерін қамтамасыз етуде қарыз алушы елдердің мемлекеттік кепілдіктері берілетін Қазақстан Республикасының резиденттері емес жобаларға;

Осыны ескере отырып, Қазақстанның Даму Банкімен шетелде инвестициялаудың мүмкін болатын бағыттары ретінде мыналар ұсынылады:

таяу шетелдердегі өндіріс, оның ішінде қазақстандық өнімді тұтынушылар, сондай-ақ Қазақстандағы өңдеуші өндірістермен технологиялық байланыстағы, қазақстандық өндірушілердің қосымша құнын жасау және көтеру тізбегін ұзартуды қамтамасыз ететін, аумақтық-өндірістік кластерлерді құруға ықпал ететін шикізат немесе шала өнімдерді жеткізушілер (ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, химия және мұнай-химия және тағы басқалары);

жоғары технологиялық өндірістер секторы, атап айтқанда қазақстандық кәсіпорындарға ғылымды қажетсінетін жоғары технологияларды енгізуге ықпал ететін ғарыштық прибор құрылысы;

Қазақстандағы қолда бар өңдеуші қуаттарды қазақстандық өнімдердің Қазақстанға қарағанда сыйымдылығы үлкен таяу маңдағы және әлемдік рыноктарға (мысалы, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарын - ресей кәсіпорындарының немесе таяу шетелдің басқа да елдерінің кәсіпорындарының технологиялық тізбегіне) шығуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бұрыннан қолданыстағы және кеңейіп келе жатқан технологиялық тізбектерге қамтуды көздейтін бірлескен өндірістер;

әлемдік экономиканы жаһандандыру жағдайында Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін дамытуға ықпал ететін инфрақұрылымдық жобалар;

Қазақстан экономикасын дамытудың стратегиялық міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін объектілер мен өндірістер, өндіріс пен бөлуді өңірлік және әлемдік жүйелерге ықпалдастыру (гидроресурстарды, электр энергетикасы және басқаларын пайдалану);

қазақстандық өнімдердің экспортын ілгерілету және кеңейту үшін инфрақұрылым (терминалдар, қоймалар, порттар, сервистік өндірістер және тағы басқалары);

қазақстандық тауар өндірушілердің өнімін сатып алатын резидент еместерге экспорттық кредит беру.

Жобалармен одан әрі жұмыс барысында таяу шет елдері экономикасының перспективалық секторларының тізбесі жаңа рыноктық факторларды ескере отырып, түзетілуі мүмкін.

3. Инвестициялық жобаларды іріктеу өлшемдері

Таяу шетел рыноктарында Қазақстанның Даму Банкін қаржылық қолдауы үшін инвестициялық жобаларды іріктеудің мыналарды қоса алғандағы негізгі өлшемдері Меморандумға сәйкес болуы тиіс:

инвестициялық жобалардың Меморандуммен айқындалған басымдықтарға сәйкестігі;

жобаның тиімділігі мен өтелімділігі;

жобаны іске асыру нәтижесінде жасалған өнімдердің өткізілуін қамтамасыз ету және шикізаттық базаның жеткіліктілігі;

жобалық шешімдердің технологиялық және техникалық негізділігі;

экологиялық талаптарды сақтау;

жобалық құжаттаманың сапасы мен толықтығы;

институционалдық пысықтылық, білікті менеджменттің болуы;

кредитті қамтамасыз етудің болуы;

қарыз алушыға ұсынылған талаптарды орындау (кредитке қабілеттілік, төлем қабілеттігі, қаржылық тұрақтылық және тағы басқалары).

Қазақстанның Даму Банкінің таяу шетел рыноктарындағы қызметі өңдеуші салалардағы отандық кәсіпорындармен, өндірістік және көліктік инфрақұрылымдармен, реципиент-елдерін рыноктарында арқа сүйейтін мемлекеттің қатысуымен ұлттық компаниялармен және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілермен, сондай-ақ Қазақстандағы да, шетелдегі де жеке қазақстандық бизнес өкілдерімен өзара іс қимыл жасасу арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ екі жақты және көп жақты ынтымақтастық негізінде қазақстандық даму институттарының әлеуеті мен мүмкіндігі пайдаланылатын болады.

4. Қазақстанның Даму Банкінің инвестициялық қызметінің нысандары

Қазақстанның Даму Банкі шетелде қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асыратын болады:

Меморандумға сәйкес инвестициялық жобаларға орта мерзімді және ұзақ мерзімдік кредит беру, оның ішінде оларды басқа да қаржы институттарымен ортақ қаржыландыру;

инвестициялық жобаларға басқа қаржы институттарының кредит беруін қамтамасыз етуде Меморандумға сәйкес кепілдіктер беру;

капиталдың сыртқы рыногына қаржылық ресурстарды тарту;

инвестициялық банкинг, консалтинг;

Қазақстанның Даму Банкі туралы заңнамада және реципиент-елінің заңнамасында көзделген өзге де қызмет түрлері.

3. Тәуекелдерді бағалау жөніндегі негізгі тәсілдер

Таяу шығыс елдерінің рыноктарына шығу кезінде болжамды реципиенттер-елдеріндегі саяси, экономикалық және әлеуметтік ахуалды кешенді е с к е р у қ а ж е т .

Қазақстанның Даму Банкі инвестицияларды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқа да қатысушылармен бірге жабатын және бөлетін болады. Ол қарызгерлер, іске асырылатын жобалар, отандық инвестициялардың таяу шетел рыноктарына шығуын сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін басқа да қатысушылармен қатысу жоспарларының келісілгендігі туралы даму институттары арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыруға ықпал ететін болады.

Жобаларды іске асырумен байланысты саяси және өзге де тәуекелдерді сақтандыру мақсатында таяу шетелдердегі экспорттық операцияларға және инвестициялық жобаларға кредит беру кезінде "Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ, сондай-ақ өзге де шетел және отандық сақтандыру ұйымдары белсенді тартылатын болады.

Қазақстанның Даму Банкі тәуекелдерді халықаралық даму институттары мен, жергілікті коммерциялық банктермен, сондай-ақ қазақстандық коммерциялық банктермен немесе олардың таяу шетелдегі еншілес құрылымдарымен бірлесіп кредит беру жолымен бөлетін болады.

Қазақстанның Даму Банкінің таяу шетелдерде осы немесе өзге де инвестициялық жобаларға қатысуы туралы шешім қабылдау кезінде, сонымен қатар елдің экономикалық тұрақтылығын және кредиттік қабілеттігін өлшеудің халықаралық стандарты болып табылатын халықаралық рейтингтік агенттік беретін егеменді кредиттік рейтингтер, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкінің әлеуетті қарыз алушыларының - жобаны іске асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерінің рейтингтері ескерілетін болады.

4. Тұжырымдаманы іске асыру тетіктері

Тұжырымдаманы іске асырудың тетіктері ретінде мыналар көзделеді:

- Қазақстанның Даму банкі туралы қолданыстағы заңнамада, Меморандумда, Қазақстанның Даму Банкінің ішкі құжаттарында жазылған тетіктерді пайдалану;
- Қазақстанның Даму банкінің мүдделі мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен Қазақстанның Даму Банкінің шетелге шығуға дайындығы процесіндегі мемлекет тарапынан Даму Банкінің шетелдегі қызметіне саяси, экономикалық

қаржылық және ақпараттық қолдауды қоса алғандағы өзара іс-қимылы;

- шетел заңнамасын, рыноктарын зерделеу, Меморандумға сәйкес серіктестер мен жобаларды мұқият іріктеу (тиісті ұлттық мемлекеттік және өзге де реттеуші органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды іздестіру және орнату, рұқсат берушілік, тіркеу және өзге де ресімдерді орындау);

- сыртқы рыноктарға сүйенетін, өз өнімдерінің өндірісін шетелде кеңейтуші қазақстандық шаруашылық жүргізуші субъектілерімен серіктестік қатынастарды о р н а т у ж әне қ о л д а у ;

- халықаралық және ұлттық қаржылық ұйымдармен және даму институттарымен ы н т ы м а қ т а с т ы қ ;

- Қазақстанның Даму Банкі туралы заңнаманы, Қазақстанның Даму Банкінің оның таяу шетел рыноктарындағы тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ішкі нормативтік кесімдерін жетілдіру;

- реципиенттер-елдерінің ерекшеліктерін, заңнамалық және экономикалық шарттарын ескере отырып, Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық құралдары мен қ ы з м е т т е р і н б е й і м д е у .

Осы тетіктер мен шараларды кешенді іске асыру, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкінің қызметін мүдделі мемлекеттік органдармен үйлестірудің тиісті деңгейі Қазақстанның Даму Банкінің сыртқы рыноктарға шығу процесіне барлық қатысушылардың әлеуеті мен мүмкіндіктерін оңтайлы пайдалануды қамтамасыз етуге және оның қызметін реципиенттер-елдерінде тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

5. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Қазақстанның Даму Банкінің сыртқы рыноктарға шығу міндеттерін шешу үшін Қазақстанның Даму Банкін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға және кейінгі жылдарға арналған орта мерзімді жоспарларында көзделуі тиіс одан әрі капиталдандыру болжанып отыр.

6. Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер

Тұжырымдаманы сәтті іске асыру Қазақстанның Даму Банкінің Қазақстаннан тысқары қызметі аясының кеңеюіне, қазақстандық капиталдың шетелде ілгерілеуіне, олардың сыртқы рыноктарды игеруіне, қазақстандық өндеуші кәсіпорындардың қатысуымен қосымша құнның технологиялық және экономикалық тізбегін құруға және дамытуға және сонымен қатар экономиканың салаларын әртараптандыруға және ел дамуының шикізаттық бағыттылықтан ауытқуына ықпал етуі тиіс.

